

Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 24 қарашадағы № 113-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2015 жылғы 24 қарашадағы
№ 113-ө өкімімен
бекітілген

Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Премьер-Министрінің 17.03.2016 № 17-ө өкімімен.

Р/с №	Нормативтік құқықтық және құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі	Жауапты тұлға
1	2	3	4	5	6

1	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	МҚІСҚА (келісім бойынша)	2015 жылғы 10 желтоқсан	С. Қ. Ахметжанов
2	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ұлттық баяндаманы дайындау, Қазақстан Республикасының Президентіне енгізу және оны жариялау қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы	МҚІСҚА (келісім бойынша)	2015 жылғы 10 желтоқсан	А. Ж. Шпекбаев
3	Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі функцияларды орындауға қатысатын жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік меншікпен байланысты мүліктік сипаттағы барлық мәмілелер және қаржылық қызмет туралы есептерді ұсынуы қағидаларын және мерзімдерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2015 жылғы 10 желтоқсан	А. М. Теңгебаев
4	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда өзгеше түрде жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу қағидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	МҚІСҚА (келісім бойынша)	2015 жылғы 10 желтоқсан	А. Ж. Шпекбаев
5	"Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (жинақтау), МҚІСҚА (келісім бойынша)	2015 жылғы 10 желтоқсан	Р. Е. Дәленов
6	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, жариялануға жататын мәліметтердің тізбесін бекіту туралы	бұйрық	МҚІМ	2016 жылғы 10 қазан	А. А. Шайымова
7	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	МҚІСҚА (келісім бойынша)	2015 жылғы 10 желтоқсан	С. Қ. Ахметжанов
8	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті жүргізу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	МҚІСҚА (келісім бойынша)	2015 жылғы 10 желтоқсан	С. Қ. Ахметжанов
9	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің әкімшілік іс бойынша іс жүргізіліп жатқан жеке тұлғаны не заңды тұлғаның өкілін күштеп әкелуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы	бұйрық	МҚІСҚА (келісім бойынша)	2015 жылғы 10 желтоқсан	А. Ж. Шпекбаев

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

МҚІСҚА – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

